

19 қыркүйек күні КЕМЕ (кәсіби ерекше мұғалімдер еңбегі) “Сапалы сабақ-нәтижелі білім кепілі” тақырыбында Әдістемелік лайфхак кеңесу - әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфхактармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру.

Тренинг-сессияны физика-информатика пәндері бірлестігінің мүшелері информатика пәні мұғалімдері педагог-модератор Б.Тапаева және педагог-сарапшы Е.Сапашева ұйымдастырды.

Тренинг-сессия барысында ЖИ құралдарының қолдану тиімділігі айтылып, іс-тәжірибеде қолдану тәсілдерімен бөлісті.

Storybook -бұл Gemini қосымшасындағы идеяны (мәтіндік), фотосуреттерді немесе файлдарды стильді иллюстрациялары мен дауыстары бар бірегей 10 беттік кітапқа айналдыруға мүмкіндік беретін қосымша.

ROQED.AI-бұл уақытты үнемдеуге. ҚМЖ жасауға, 5е моделі негізінде сабақ слайдтарын жасайды. Интерактивті 3D модельдер мен модельдеулерді қамтиды. Мазмұнды әріптестеріңізбен бөлісуге мүмкіндік береді. Тапсырма конструкторы: Әр түрлі сұрақтары бар тапсырмаларды әзірлейді. Мазмұнды ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкестендіреді. Автоматты тексеруді және жауаптарды түсіндіруді қамтамасыз етеді. Ойын генераторы: Оқушылардың білімін бағалау үшін әртүрлі ойындар жасайды. Кроссвордтар, сөз іздеу, картаға түсіру және анаграммаларды қамтиды. AI-көмекшілері Қазақстанның ұлттық оқу бағдарламасына негізделген контент жасайды. Сабақтар мен ойындардың мазмұнын өңдеуге болады. Сабақ презентацияларын оқушылармен және әріптестермен бөлісуге болады.

Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DO3michDDGS/?img_index=1&igsh=dHN0bWpwZzRseXJ6